

**Нажие Ата Йылдыз**

Анкара Хаджы Байрам Вели Университеті, Түркия, Анкара қ.

e-mail: yildiz.naciye@gmail.com

**«ҰЛПАН» РОМАНЫНДАҒЫ ӘЙЕЛ ТАҒДЫРЫ**

Мақалада Ғабит Мүсіреповтің «Ұлпан» романындағы әйел бейнесі жан-жақты қарастырылады. Әйел бейнесін зерттеу қашан да өзекті мәселелердің бірі. Автор әйел бейнесін ашу мақсатында шығармада ұлттың салт-дәстүрімен, құндылықтарымен сабақтаса талдайды. Сонымен қатар романда кездесетін қазақтың салт-дәстүрі, әдет-ғұрыпы, күнделікті тұрмыс-тіршілігі көрінісінен әйел теңсіздігі мәселесін көтереді. Сол кездегі қоғамда құдаласу, қыз алып қашу, тоқал, әмеңгерлік, қалыңмал әйелдің отбасындағы орнына әсер ететін факторлар болып табылады. Жұбайы қайтыс болған кезде мұрагерлікке ие болуына да некелесудің түрі әсер етеді. Бұл мақалада қазақ әйелінің тағдыры некелесу салты тұрғысынан зерттелді. Өйткені бұл дәстүрлер түркі халықтарының барлығында, тіпті дүние жүзіндегі басқа халықтарда да бар және әсіресе бұл әйелдердің өміріне әсер етеді. Бұл зерттеу неке мен әйел тақырыбын қозғайтын мыңдаған шығармалардың бірі ғана болып табылатын қазақ романы арқылы қарастырылды. Автор шығарманың бас қаһарманы Ұлпанның іс-әрекетін талдай отырып, қазақ әйелдерінің бойындағы парасаттылық пен көрегендікті, шыдамдылықты, еліне деген сүйіспеншілікті ашып көрсетеді. Мақалада автор «Ұлпан» романының түрік тіліне аударылған нұсқасы жайлы сөз қозғайды. Түрік ғалымдарының «Ұлпан» романы туралы айтқан пікірлерін салыстыра отырып қорытындылайды.

**Түйін сөздер:** Ұлпан, үйлену, қазақ, дәстүр, әйел.

Naciye Ata Yildiz

Ankara Haci Bayram Veli University, Turkiye, Ankara

e-mail: yildiz.naciye@gmail.com

**The fate of a woman in the novel «Ulpan»**

The article comprehensively examines the image of a woman in the novel "Ulpan" by Gabit Musrepov. The study of the image of a woman always remains one of the most pressing issues. To reveal the female image, the author analyzes national traditions and values in the work. The article notes that the novel raises the problem of women's inequality, which manifests itself in Kazakh customs. In the society of that time, matchmaking, bride kidnapping, tokal, amenger, kalym were factors affecting the position of a woman in the family. It is indicated that the type of marriage affects inheritance after the death of a spouse. In this article, the fate of the Kazakh woman is investigated from the point of view of the wedding tradition, since this tradition exists among all Turkic peoples and even among other peoples of the world. They have a strong influence on women's lives. This study reviewed the material of the Kazakh novel, which is only one of the thousands of works devoted to the topic of marriage and women. Analyzing the actions of Ulpan, the main heroine of the work, the author reveals the wisdom and foresight, patience, and love of Kazakh women for their native land. In the article, the author relies on the translation of the novel "Ulpan" into Turkish. The main conclusions are based on a comparison of the points of view of Turkish scientists about the novel "Ulpan".

**Key words:** Ulpan, marriage, kazakh, tradition, woman.

Нажие Ата Йылдыз

Университет Анкара Хаджы Байрам Вели, Турция, г. Анкара

e-mail: yildiz.naciye@gmail.com

**Судьба женщины в романе «Улпан»**

В статье всесторонне рассматривается образ женщины в романе «Улпан» Габита Мусрепова. Изучение образа женщины всегда остается одним из наиболее актуальных вопросов. С целью раскрытия женского образа автор анализирует национальные традиции и ценности в произведении. В статье отмечается, что в романе поднимается проблема женского неравенства, которая проявляется в казахских обычаях. В обществе того времени сватовство, похищение невесты, токал, аменгерство, калым выступали факторами, влияющими на положение женщины в семье.

Указывается что, тип брака влияет на наследование после смерти супруга. В данной статье судьба казахской женщины исследована с точки зрения свадебной традиции, так как данная традиция существует у всех тюркских народов и даже у других народов мира. Они оказывают сильное влияние на жизнь женщин. Данное исследование было рассмотрено на материале казахского романа, который является лишь одним из тысяч произведений, посвященных теме брака и женщин. Анализируя поступки Улпан, главной героини произведения, автор выявляет мудрость и дальновидность, терпение, казахских женщин любовь к родной земле. В статье автор опирается на перевод романа «Улпан» на турецкий язык. Основные выводы основываются на сопоставлении точек зрения турецких ученых о романе «Улпан».

**Ключевые слова:** Улпан, замужество, казах, традиция, женщина.

## Кіріспе

Қоғамның ең кіші бірлігі болып табылатын отбасылар – тиесілі қоғамның мәдени құрылымы мен құрылымын көрсететін әлеуметтік институттар. Отбасы негізінен неке арқылы құрылса, бұл құрылымның қалыптасуы мен қызмет етуінде дәстүрлер мен әдет-ғұрыптар үлкен рөл атқарады. Дәстүрлер мен әдет-ғұрыптар шеңберінде отбасы құрылымдарының үлкен немесе шағын отбасы, матриархаттық немесе патриархтық отбасы ретінде қалыптасатыны байқалады. Отбасы қоғамда қоныстанған жерлеріне сәйкес ауылдық және қалалық отбасылық сипаттарды көрсете алады және олардың әрқайсысы жоғарғы тұлға ретінде өз ұлтының жалпы дүниетанымының басымдығымен қоса, күнделікті тіршіліктерінен бастап әр отбасындағы ережелер мен өмір салтындағы бірнеше айырмашылықтардың болуымен ерекшеленуі мүмкін.

## Әдебиеттерге шолу

Түріктердің отбасы құрылымын қарастыратын болсақ, диахрондық зерттеулер Орта Азиядағы көшпелілер дәуірінде түркілердің дәнекер отбасылық құрылымы болғанын көрсетеді (Құран, 1990; Кафесоғлу, 1997:220). Түріктердің отбасы құрылымына арналған зерттеулерде матриархаттық және патриархалдық құрылымдарға да баса назар аударылады. Зия Гөкалптың айтуынша, көне түрік отбасы, тек ер адамдардың үстемдігі патриархалдық отбасылық құрылымының ерекшелігі емес екендігі, ерлер мен әйелдердің құқығының теңдігі, ал әке қорғаушы, отбасы тірегі болған деген пікірде және патриархалдық отбасы, – деп атайды (Гөкалп, 1976:294). Көшпелі өмір жағдайынан отырықшы өмірге көшуімен түрік отбасы құрылымының уақыт өте келе бір шаңырақ астында өмір сүруі, және экономикасы сияқты факторлармен үлкен отбасыға айналды деп

айтуға болады. Бұл, әрине, жеке зерттеуді қажет ететін тақырыптар. Дегенмен статистикаға сүйенер болсақ, кейінгі кезеңдерде, әсіресе, қала төңірегінде дәнекер отбасы яғни, шағын отбасы кеңінен тарады деп айтуға болады.

Отбасын құрудың негізін құрайтын некенің жүзеге асу жолдары түрік мәдениетіндегі жанұя түрлерінің айырмашылығымен қатар әрқилы екені көңіл аударарлық тақырып екені сөзсіз. Мәселен бұл тақырыпты Анадолы тұрғысынан қарастырылатын болсақ, алыс және жақын туыстармен некелер, шетелдіктерге үйлену, күшік күйеу, қайшы құдаласу және күйеуі қайтыс болған әйелдің қайын жұртының бірімен неке киюі яғни әменгерлік сияқты дәстүрлер – бірізді және бір мезгілде кездесуі мүмкін неке жолдары болып табылады.

Саналы түрде ме жоқ па, қандай жағдаймен құрылған отбасы болса да, ол отбасында әйелдің орны мен рөлі зор. Әсіресе әйелдердің отбасына нәресте әкеліп, отбасының көбеюіне себепкер болуы оның орны мен маңыздылығының басты себебі десек болады. Осы маңыздылығына байланысты түрік дәстүрлерінде «қалыңдық алу» арнайы ережелер аясында өтеді және ережелер түрік қоғамының құндылықтары мен мәдени дәстүрлерін көрсетеді. Келін алу, келін болу тек Түркия түріктері үшін ғана емес, бүкіл түркі халықтары үшін маңызды. Осы тұрғыда түрік әлемінде қызды тұрмысқа берерде «қызды шығару» мағынасында фразеологизмдердің қолданылуы да үйлену туралы көзқарасты көрсетеді. Келін ретінде келген әйел адам неке арқылы құрылған отбасына келіп қосылады, ал ер адам сол отбасының мүшесі болып қала береді. Түрік әлемінің мақал-мәтелдерінде «Шетін қара, киімді ал», «Анасына қарап, қызын ал», «шырынды текшеден ал, әйелді тамырдан ал», «Қыз – раушан іспетті, өседі, кетеді» (Солмаз, 2019:399), «Қыздың білезігіне емес, білегіне қарап ал» (Караман, 2016:97), «Әйел алсаң байдан ал, байлығыңа байлық қосар, жер

алсаң судың жағасынан ал, жеріңе жер қосылар; (Чакыр, 2020:101) тәрізді мысалдар бар. Әйел адамның келін болуы, әкесінің үйінен шығуы тағы сол сияқты терең мағынаны білдіретін мәдени код. Әйел және неке туралы мысалдары тек мақал-мәтелдермен шектелмейді. Бұл тақырып роман, әңгіме, анекдот, поэма, ертегі сияқты көптеген әдеби шығармаларда тікелей немесе жанама түрде өзінің жағымды және жағымсыз жақтарымен қарастырылған. Бұл шығармалардың сценаріі жалған болса да, шындықты көрсететін қоғамның айнасы іспетті. Қазақ қызының некесі сияқты ғұмырының да қысқа болғаны туралы «Ұлпан» романы автордың құрастырған шығармасы болғанымен, Ұлпандар – қазақ қоғамында өмір сүріп жатқан әйелдер және олардың тұрмысқа шығып, тұрмыста басынан өткерген оқиғалары қазақ қоғамындағы шындық.

### Зерттеу нәтижелері мен талқылау

Роман XIX ғасырдың екінші жартысында, патшалық Ресей тұсында өрбиді. Қазақ даласында болған тарихи шындықтарға негізделген. Оның авторы – Ғабит Мүсірепов. Шығарма 1974 жылы, яғни Кеңес Одағы кезінде жазылған. Оны түрік тіліне Джемиле Кынажы аударып, 2016 жылы Бенгу баспасы басып шығарды.

Романға баға берген Кенан Коч және басқа әдебиеттанушылар «Қазақ даласының ғасырлық хал-ахуалы, салт-дәстүрі, екі рудың бір-бірінің дүние-мүлкін жаулықпен тартып алуы, қалың мал беріп қыз алуы, бай мен кедейдің арасындағы жер дауы, жесір дауы сынды тақырыптар романда кеңінен айтылған», – дей отырып «Ұлпан» атты шығарманың тақырыбын ашады (Коч, 2007:578).

Шығарманың бас кейіпкерлері – Ұлпан мен Есенеі.

Ұлпан – көшпелі, кедей қазақ отбасының жалғыз перзенті. Сондықтан да ол ер бала сияқты тәрбиеленген, өз ой пікірін нақты айтудан, істеуден тайынбайды. Сибандардың көсемі, «атақты байы», яғни уездік басқарушы Есенеі олардың жайылымына малын байқамай жайып келгенде, алдынан өз елінің уәжін айтуға келген батыр қыз Ұлпан шығып, Есенеіді еселі сөзбен жеңіп, айып төлетеді. Өзінің қыз екенін Есенеіге білдіртпейді. Ақырғы сәтте жасаған әділетсіздігінің айыбы (жазасы) ретінде атын тастап, өзі басқа атқа мінеді, Есенеідің қасындағылардың бірі оның қыз екенін, кімнің

қызы екенін байқап қалады. Ұлпанның әкесі – Есенеі өзін біраз жыл бұрын құтқарып қалған, кейіннен Есенеідің өмірін сақтап қалу үшін өзі мүгедек болған Артықбай еді.

Ұлпан да кейін оның жары болатын Есенеіді бес жасында көріп, одан қорқады. Есенеідің екі ұлы шешек ауруынан өлген, ел ағасы болған ол перзентке зар болады. Оның бет-әлпеті ұсқынсыз болады. Балалары қайтыс болғаннан кейін әйелінің бала көтере алмайтындығы, мал-мүлкін қалдыратын баласының жоқтығы Есенеідің жасына қарамастан, екінші рет неке құруы қоғам алдында дұрыс шешім болды. Есенеідің бірінші әйелі Қаныкей Есенеі би болғаннан кейін жұртшылықты бүлдіріп, азаптаған әйел. Есенеі одан бөлек тұрып жатқанына жеті жыл болса да Ұлпанның бұл некені қабылдауы оның екінші әйелі яғни тоқалдықты қабылдағанын білдіреді.

Көзі ашық би болған Есенеі, романның басында айтылғандай, олармен батыл сөйлескен ұл емес, қызекенін білгеннен кейін оның қайсарлығы мен батылдығына тәнті болады. Бес жасында әуелі өзінен қорқып, кейін үйреніп, намаз оқып жатқанда арқасына мініп еркелеген, ерке өскен жас қыз Ұлпанға жас алшақтығына қарамастан, көңілі ауады. Олар үйленеді. Есенеідің жасы 60-та, Ұлпанның жасы небәрі 18-де болады. Ұлпан Есенеіге тұрмысқа шыққаннан кейін халқын жақсы басқаруға, тұрмыс жағдайын жақсартуға барын салады. Күйеуі мүгедек болып, кейін қайтыс болғаннан кейін ол барлық билікті өз қолына алып, халықтың қорғаушысы, қамқор анасына айналады.

Ұлпанның болмысы жұртшылықты қорғайтын, үнемі айналасындағыларды ойлайтын, пайда әкелетін жаңалықтарға ашық, зерделі әйел ретінде бой көтереді. Есенеідің қолдауымен Ұлпан озық ойлы, ел басқару ісінде өз сөзіне берік, қазақтың қадірлі, сүйікті әйеліне айналды. Шығармада автор Ұлпан мен Есенеі өмірінің төңірегінде қазақтың салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпын да қарастырады. Соның бірі – қазақтың неке киюға байланысты қабылдаулары, салт-дәстүрлері, әдет-ғұрыптары. Бұл дәстүрлердің жағымды және жағымсыз жақтары шығармада бірге орын алады, автор оларға реалистік көзқараспен қарайды. Бір келеңсіз жағымсыз тұсы – рулар немесе жаулар арасындағы қақтығыстарда әйелдер мен қыздардың мал-мүлік сияқты айдап алып кетуінде еді (Мүсірепов, 2016:19). Әйелдер құл мен күң болады. Бәйбішелік, яғни салт-дәстүрге лайық некелі әйелі болу құқығынан айырылады. Байдың немесе би, болыстың қызын

соғыстан олжа ретінде алу немесе жарысқа сыйлық ретінде беру қажет болғанда, кедейдің қыздарына әлі жетіп отырған және оларды байдың қыздарының орнына берген. Мүсірепов тағы бір шығармасындағы «Аналар анасы, Батыр ана» атты әңгімесіндегі қызын қинап алып кеткен анасының зарын былай жеткізеді:

*«Мен бұл қыздың анасымын. Менің қызым қазір он бес жаста. Менің де қызымның жасындай жасымда жамандыққа тап болдым. Осы оқиганың суық аязы табанымнан, қара дағы маңдайымнан өшіпеген... Менің арқа сүйер тегім де, төрем де жоқ. Алқапты мекендеп, өзен жағалай көшіп жүрген төрт үйлі ауыл бар еді, мен сол ауылдағы Сонар деген кісінің қызы едім. Қай рудан екенін білмеймін, тұқымы өшір Қады Бала деген біреу баласын сүндетке отырғызып, той жасағанда бас жүлдеге құлмен қоса тоғыз малды және палуанға да құлмен бірге тоғыз малды бәйгеге тіккен. Сыйға өз қызын бермесі анық, сол үшін көршілерден қыз іздеген...»*

*Әкем күйме жөндеп, шешем сорпасын қайнатып жатқанда кенеттен он аттылы шыға келеді. Менің әкем де:*

*- Тыныштық па? дейді*

*- Тыныштық болсын, болмасын, бірақ қыз болсын! – деп арқамды қабырғаға сүйеніп тұрған жерімнен ұстап алып қаша бастады.*

*Ертеңінде ат пен палуан жарысы біткен соң, мені жамылған түйеге мінгізіп, сыйға тартып жіберді. Балуан бәйгеге қатысып, мені жүлдеге алған Байсары деген балуан туған жеріне оралған соң әулеттің ағасы Күлтеке деген жігітке берді. Күлтеке мені өзінің құлымен үйлендірді де, екеумізді де жұмысқа салып қойды. ...Екі жылдан кейін Күлтеке қызын үйлендіріп, той жасағанда екінші рет ат бәйгесінің жүлдесіне (бірден бас жүлдеге қойылдым) тігіліп, сіз шабуылдаған Сары есімді байдың қолына түстім. Маған үйленген құл да сый ретінде басқа біреуге берілді. Сары байдың Қайрақ деген жылқышысы болған.*

*- Біз өмір бойы үй шаруасымен айналысатын сенің құлың боламыз», – деп ауыл қожайынынан мені сұрап, үйіне алып кетті...»* (Коч, 2007:585).

Бұл жолдар, ен даланың жағдайы жоқ, шарасыз, билігі жоқ отбасыларының қыздарының тағдыры сияқты. Оларды қайта-қайта құл ретінде сата берді. Қайда алып кететінін де білмей, отбасынан хабарсыз, бала-шағалы болса да сатылып кете беретін, балаларына қамқор бола алмай, кейінгі ұрпақтың өміріне еріксіз әсер ету арқылы өмір сүрді. Олардың балалары да құл болды.

Ұлпанның отбасы да кедей болды. Оның үстіне бесікте атастырылып қойған болатын. Атастырылған жігітпен алғаш рет кездескен кездегі жағымсыз иісі оны жігіттен суытып жібереді. Бұл некеге қарсы екенін айтып бас тартқан. Шығармада автор мұндай дәстүрге қайшы әрекеттер әбігерге салатынын атап өтеді. Ұлпанның әкесі қызының бұл шешімін құптап, атастырғанда, он жыл бұрын қалың малдыққа алған он тайын қайтарып берсе де, Ұлпан бұл қаламаған некеден оңай құтыла алмайды. Себебі күйеу жағы да құлындардың он жылдан бері көбейгенін есептеп, одан да көп қайтаруын талап етеді. Бір үйірдей болатын жылқыны қайтаруға шамасы келмейтін Артықбай қызын аман алып қалу үшін, бар алғанын қайтарып, алыс жерге қоныс аударуды жөн көреді. Берген қалың малын қайтарып алғанымен, күйеу жігіттің тарапынан құдалық бұзылған деп есептелмейді, тіпті күйеу жағы да мұны қызды алып қашуға сылтау етіп көрсетеді. Оның үстіне қайны, қызды алып қашуға келгенде қазақтың тағы бір дәстүрі әменгерлікті ескертеді. Ағасы қайтыс болса, оның жеңгесіне үйленуіне құқығы бар. Осы себепті ол ауру ағасының қалыңдығын, ағасы үшін алып қашпақшы сыңай танытады, бірақ негізінен олдәстүрдің оған беретін мүмкіндігінен үміттенеді. Автор шығармада күйеу жақтың әрекетін ақтамай, осы ескі дәстүрдің келеңсіз жағын ашады. Дәстүр бойынша, қайыны «Қызды қалың малын толық төлеген соң өзіміздікі деп ойладық», – деген (Мүсірепов, 2016: 65). Бұл сөздер жас қыздың некеге ризалығына емес, қалың малының төленіп, төленбеуіне басымдық беретінін білдіреді.

Ұлпан бұл алып қашу әрекетінен сол күні кешкісін Есенеидің үйіне келген қонақтарының арқасында құтылып кетеді, ал Есенеидің «қосымша екі жылқы беремін», – деп мәселені өз беделімен шешеді. Шығармада қамтылған бұл оқиға көптеген қазақ қыздарының салт-дәстүрден алған теріс ықпалының көрінісі. Мәселені диахронды түрде қарастырғанда, жастардың қалың малдың көптігіне байланысты өз сүйгендеріне қосыла алмайтындығын және қалың малын көп төлегеннің жетегіне кететіндігін, сондай-ақ қалың мал алынса, сүймейтін адамға үйленбеу мүмкін еместігін көрсетеді. Күйеу жағы кейін бас тартып жатқан жағдайдың алдын алу үшін қалың малды алдын ала төлеп арадағы жылдарда қолайсыз жағдай болып жатса, берген мал мен төлін есептейтіні жүзеге асырылып жатқан шындық.

Есенеидің арқасында атастырылып құда түсу мәселесінен құтылған Ұлпанды тағы бір үйлену ұсынысы күтіп тұр. Есенеи ең жақын адамы Мүсірепті Ұлпанға құда түсуге жіберіп, оған үйленгісі келетінін жеткізеді. Бұл жерде дәстүр бойынша құдалыққа жіберген адамның сыйлы, қадірлі болуы, Есенеидің өз ағайын, туғантуыстарын емес, түрікмен Мүсірепті жібергенін аңғаруға болады. Мүсірепті Ұлпанның әкесі жақсы көрген, қатты сыйлаған. Есенеи Ұлпанға салт-дәстүрмен құда түседі.

Әке ретінде Артықбайдың құда түсушіге берген жауабы тағы да өмір шындығына, салт-дәстүрге байланысты; «Әй, Мүсіреп, ә! Есенеи бір рет көз салса, алмай қоя ма? Ұлпанымды бермеймін десем, Есенеи мұны қабылдай ма? Айтты, алдымнан өтті, бітті емес пе, ол алмай қоймайды!» (Мүсірепов, 2016:74). Бұл жауап әкенің болашақ күйеу жігітке берген нақты жауабы ғана емес. Артықбай мен Есенеидің дос екенін ескерсек, жас айырмашылығын білетін әкенің бір ауыздан келіспейтінін аңғартатын сөздер, қоғамның екі бөлігінің бір-біріне қарсы заңдылығын да ашады. Өткенге де, бүгінге де бекітілмейтін бұл заң аясында сұраушы тараптың күші екінші тарапқа жауап таңдау мүмкіндігін бермейтіні түсінікті. Бір жағынан, барлық жағдай жасалғанымен, Артықбайдың құдаға берген жауабы қалыпты жағдайда қазақ отбасындағы қыздарға берілген бағаны көрсетеді. Артықбай Ұлпанның өзі шешім қабылдайтынын айтып, Есенеиге Ұлпанмен сөйлесуді өтінеді. Мүсіреп Ұлпанға шет жағасын жеткізгеннен кейін Ұлпанның жауабы да жас қыздардың тұрмысқа шығудағы орнын көрсетеді: «Есенеидің ілмегі мойынымда болған соң, оны құтқаруға біздің кішкентай көшпенді Күрлеуіттің күші жетпейді. Тәңір маңдайға жазды, біз де бас идік. Бірақ есінде болсын, Ұлпан арзанға түспейтін қыз» (Мүсірепов, 2016:82). Бұл жауап, қыз бір қарағанда өзі үшін берген қалың малдың құндылығы ретінде қабылданса да, олай емес. Ұлпан тоқалдыққа бара жатқанын білді, бірақ әйелінің жанында құл сияқты паналағысы келмеді. Есенеи не айтып тұрғанын түсінбейді, дәстүр бойынша үйір-үйір жылқыларды қалың мал ретінде береді. Ол берген құны қазақ дәстүріндегі ең үлкен қалың малдан да асып түседі. Бұл Есенеидің Ұлпанға деген қадірін көрсетеді. Ол оларды өз қалауынша пайдалана алатынын айтады. Ұлпан қай үйге апаратынын сұрағанда, әйелінің бөлек тұратынын, Ұлпан үйінің бәйбішелері болаты-

нын айтады. Ұлпанның арзанға кетпеймін деген сөзінің астарында осы мәселе жатқан еді. Ұлпан бірінші әйелінен бөлек тұратынына көзі жеткен соң некені жылы қабылдайды. Араларындағы жас айырмашылығын Есенеидің есіне салғанда, Есенеи, ол қырық жасқа келгенде елдің Есенеи болатынын айтады. Айтпағы, сен менен кейін осы қоғамның басшысы боласың. Қазақта ел тізгінін ұстаған әйелдер бар екені белгілі, бірақ бір кездері қатыгез әміршіл, билеуші Есенеидің солай айтқаны, содан кейін дәл айтқанындай болғаны, оның әйелге деген бағасын, құрметін көрсетеді. Автор, әйелдердің көзге ілінбеуі емес, бұл пікірдің идеалды екенін жеткізуге тырысады.

Ойындағы келеңсіздіктерге, Есенеидің жасына, ұсқынсыз түр-тұлғасына қарамастан Ұлпан Есенеиге тұрмысқа шығады. Ұлпанның қазақтың кейбір той дәстүрін қажетсіз санап, қолданбауынан автордың Ұлпанға жаңашыл тұлға суреттегенін аңғаруға болады. Қазақтың әдет-ғұрпы бойынша шымылдыққа кірмей ерінің үйіне барады, жаңа түскен келіндер сияқты бетін бүркемейді. Сондықтан оның тойында беташар дәстүрі болмайды. Бұл жағдайдан кейін ескіге көзсіз байланып қалған абысын жас келінге теріс көзқараста болады. Автор мұндай оқиға арқылы дәстүрлі отбасы құрылымындағы әйелдер арасындағы кикілжіңдер, дүниетанымдық көзқарастар мен өмірді түсінуі айырмашылықтардан және жеке қызғаныштан туындайтынын алға тартады. Ұлпан да Есенеидің ең жақын адамы Түрікмен Мүсірепті қайындай қабылдайды, өзінің қайын жұрты мен абысынын ұнатпайды. Әйелі Шынарды да ең жақын досы ретінде көреді. Ол Шынарды қазақтың қызы ретінде жасаусыз Мүсірепке күйеуге беруге көңілі толмағандықтан, байдың қызындай қылып, жасауын жасап береді. Есенеи билеушісі болып табылатын Сибан руының жақсы жағдайда өмір сүруі үшін өзінің барлық материалдық және рухани күшін жұмсау арқылы ол басқарушының жақсы әйелі көзқарасын туғызды. Ұлпан мұның бәріне Есенеиге тұрмысқа шығуының арқасында жеттім деп есептейді, сондықтан шығармада автордың бұл некені қолдайтындығын көруге болады.

Ұлпанның жаңалыққа ашықтығы шығармада материалдық мәдениет элементтеріне өзгерістер енгізу арқылы көрінеді. Қалаға саудаға барып, орыс үйлерін көргенде, қыста халық киіз үйлерде тұрудың қажеті жоқ деп ойлайды да бүкіл қазақ ауылына қысқы үйлер мен моншаларды салдыра-

ды. Ол бүкіл халыққа Еснейдің отарын баққаны үшін қосымша ақы төлеп, халықтың сүйікті бәйбішесіне, анасына айналады. Мәжбүрліктен тұрмысқа шыққан Ұлпан, көп жағдайда Есней оның айтқанын екі етпейтіні, басқа біреуге тұрмысқа шықса, Еснейдей болмайтынын, бұл істерге де қолы жетпейтінін ойлайды. Оның бар тілегі өзіне емес, айналасындағыларға арналған. Есней де өзгеріп, қатыгез би, басшы емес, жұртшылық сенетін әділ би болды. Некенің Ұлпанға да, Еснейге де әкелетін құндылықтары болды, бірақ бұл үйлесімділік Ұлпанның ақылдылығынан болды. Автор Ұлпан арқылы ақылды да озық ойлы қазақ әйелінің бейнесін сомдайды.

Қазақ некелерінде келіннің ұстанатын ережелері, әдет ғұрыптары мен қызметтері бар. Ұлпан қайының мінезін ұнатпайды, сондықтан Түрікмен Мүсірепке жақынырақ болады. Жас келіндердің туған-туыстарының атын атамау, оларға ат қою дәстүрін Мүсіреп пен Мүсірептің інісі Кенжетайға қолданады. Үлкен абысыны Ұлпанды уысына ұстағысы келгені іске аспайды, әдетке айналған келіндік шеңберінен шығып кетеді. Бір жағынан өз тегіндегі үлкендерге шапан кигізу, сый беру сияқты қазақтың әдет-ғұрыптарын орындаса, екінші жағынан қажетсіз деп санағанын өзгертуге тырысады. Тұрмыс құру оған осы істерді орындауға күш берді. Қазақ әйелдерінің ағартушылық идеясына сай автор, Ұлпан арқылы әрбір салт-дәстүрді соқыр ұстану қажет еместігін жеткізеді.

Халықтың мүддесін қорғайтын Ұлпанды мүдделеріне қол сұқты деп ұнатпайтындар да бар. Олардың ең басында қайынысы Еменәлі болды. Ол Ұлпанды тоқал деп атады. Бұл қазақ дәстүрінде екінші әйелге берілетін атақ. Бәйбішелер – қазақ дәстүріндегі бірінші әйелі, ал екінші және үшіншілері тоқал болды. Тоқалдан туған балалар бәйбішенің балаларымен бірдей құқыққа ие болмайды. Мысалы, олар ханның немесе қожаның балалары болса, әкесінің орнына хан немесе би бола алмайды, мұрагер бола алмайды. Еменәлінің Ұлпанның артынан айтатын «жалаң аяқ тоқал» дегені оның кедейлігін де, екінші әйел болғанын да бетіне басатын жағымсыз атау еді.

Қанша қуанышқа бөленсе де, Ұлпанның да іштей кеміретін дерті бар. Отау құрғандарына үш жыл өтсе де балалы болмауы еді. Осы арада Есней де суық тиіп ауырып қалады. Бүкіл түркі елдеріндегідей, қазақ отбасында да балаға үлкен мән берілген, әсіресе, ұл бала әке тегін жалғастырып, мұрасын сақтайды деген

ой, Ұлпанның Еснейге ұл сыйлағысы келгені уақыт өте келе қайғыға айналады. Еснейдің бұрын екі балалы болуы, Ұлпанның бала көтере алмағаны өзін кінәлі сезінуіне себеп болды. Абысының орнын басқан жақын құрбысы Шынардың ұлды дүниеге әкелуі Ұлпанды қатты қуантып, бір жағынан қынжылтады. Ақырында Ұлпан бір нәрсеге жерік болып, Еснейге сүйінші хабарды бергенде, қуаныштарында шек болмады. Бұл бақыт жаңадан отау құрған жас жұбайлардың балалы болу бақытынан бөлек, әлеуметтік түсініктер мен құндылық пайымдаулар аясындағы кемшілікті жою бақыты еді. Алайда Мүсірепке қоныстануға берілген жерді қызғанған Еменәлі, Мүсірептің туылған сәбиінің қуанышын тойлап отырған ауласына келіп, шу шығарады. Лақтырған таяғы Еснейдің бұрында жарақат алған жотасына тиіп, қатты ауырып, төсек тартып жатып қалады. Ұлпан қыз баланы дүниеге әкеледі. Есней үемі «қазақта өте ақылды әйелдер бар, Ұлпан солардың бірі, қызы да сондай болады», – дейді. Қызды болғанына кемшілікпен қарамайды. Бұл түсінік дәстүрлі ойлаудың озық көзқарасы.

Ұлпан сырқат күйеуінің орнына, орыс шенеуніктерімен кездесулерге қатысып, тілмаш арқылы халық мүддесіне сай пікірлер айтып, шешім қабылдау арқылы ру басшысы болады. Патшаның оған берген алғыс хаты қалған би болыстардың қызғанышын тудырып, науқас Еснейдің өліп, Ұлпанның қолына түсуін күтетін жағдайға жеткізеді. Мұнда да автор, тұрмыстағы әйел затына деген қызғаныштық пен жазалау кезінде әйелге деген көзқарастың қандай екенін көрсетуге тырысып, бұл ойды теріске шығарады. Жиында Ұлпанның жесірлердің жағдайы туралы пікірлері қабылданады.

Есней төсек тартып жатып қалғандықтан, қызды дүниеге әкелген Ұлпанның енді ұлды болу үміті өшеді. Сол себепті Еснейде болған басқарманың нышаны Сырым батырдың күміс белбеуі Ұлпанның ұсынысымен Сырым руына қайтарылды. Еснейдің Сырым руына белдеуін Ұлпан арқылы қайтаруы рулар арасындағы достықты нығайтады. Бұл әйелдің некеде абыройлы орны бар екенін көрсетеді. Осы сапарда Ұлпан өз есімінің халық арасында қаншалықты танымал және құрметке ие екенін түсінеді.

Тоғыз жыл төсек тартып жатқан Есней Ұлпанның әкесі Артықбаймен бір күнде дүниеден өтті. Ұлпан мен Еснейдің қызы Бибіжахан небәрі он жаста. Ұлпан он сегізде үйленіп, отыз бір жасында жесір қалады. Ұлпан

күйеуінің сырқат кезінде Сибан руының мал шаруашылығымен қатар егін өсіруін, қыста киіз үй емес, тұрақты үйлерде тұруын, медресе салынып, балалардың мектепке баруын қамтамасыз етеді. Бұл елді басқарушының жауапты әрі халқына жақын жары ретінде Ұлпанның өз аржданына жүктеп отырған міндеттерінің бірі еді. Сибан руы әрқашан оның жанынан табылып, оның әрбір ойын қолдайтынына қарамастан, Ұлпанды біраз келеңсіздіктер күтіп тұрды. Біреуі әйел болғандықтан оны көре алмайтын басқа би болыстар болса, ал екіншісі – қайнысының қалаған левираттық неке дәстүрі. Ұлпан бірінші жағдайда тіс қайрап, қызғаныштан жарылардай болған би болыстарды өзінің зеректігі мен көрегендігінің арқасында жеңеді. Мұрагерліктен пай және әдет-ғұрыпқа сүйеніп, өзімен үйленгісі келген қайнына Ұлпан: *«Есенейдің өліміне кінәлісің! Есенейге тиген соңғы қара таяқ сенікі еді. Осыдан кейін Есеней төсектен тұра алды ма? Тұра алмады! Енді сол Есенейдің әйелі Ұлпанға қосылып, Есенейдің төсегіне жатқың келетін сияқты. Жасың алпыстан асты. Ақылың болса, Есенейдің төсегіне ешкім жақындамасын деп ағаңның намысын қорғар едің ғой, ә! Мұны ойлаудың орнына, оның төсегіне өзің жатқың келеді. Әмеңгерлік осы ма? ұят! Есенейдің мұрагері менмін деп бәле іздей бересің. Саған мал керек пе? қанша қажет? Ертең үш ұлыңмен кел де, қанша мал керек, алып кет...»* (Мүсірепов, 2016:268). Жастайынан шындықты айтудан тайынбайтын Ұлпанның дәстүрге сүйеніп келген қайнынан қорқпай, ойындағысын тікелей жеткізіп айтқаны Еменәлінің ойын түбегейлі өзгертті. Ұлпан қатысқан басшылар құрылтайында қайтыс болған күйеуінің туыстарына мұраның үштен бір бөлігі берілсін деген шешім қабылданғанымен, Еменәлі мұрадан үлес сұрамайды, әмеңгерлік туралы сөз қозғамайды, ешқандай дау да шығармайды. Өзіне жүктелген шаруаны істеп, бүкіл румен бірлесе әрекет етеді, сосын Ұлпаннан талай рет кешірім сұрайды. Бұл жерде де автор әмеңгерлік дәстүрді әйел көзқарасы тұрғысынан бұрысқа шығарып, кейбір дәстүрлерді қайта қарастыру керектігін алға тартады.

Басқа түрік тайпаларындағы сияқты қазақ түріктерінде де күшіккүйеулік, яғни кірме күйеу бала некесі де болады. Көбі қаламайтын некенің бұл түрі «Ұлпан» романында да кездеседі. Ұлпан жалғыз қызының күйеуге шығып, күйеуінің отбасына барғанын қаламайды. Қызының келісуімен, мақұлдауымен күйеуінің жақын адамдарының

бірінің баласы, Ұлпанның сауда саттығымен айналысатын, жақсы тәрбиелі болып көрінген Торсанға үйлендіріп, үйіне тұрғызады. Ол кезде қызы Бибіжахан небәрі он бесте. Еменәлінің ұлдарының Торсанға айтқан: *«күшіккүйеу мырза, Есенейдің мұрагері сен емес, мына біз!»* (Мүсірепов, 2016:274) деген сөздері мұндай некелерді қоғамның дұрыс қабылдамайтынын көрсетеді. Алғашында жақсы қырларымен танылған Торсан көп ұзамай мінезін көрсете бастады, оның үстіне жүкті болған Бибіжахан анасына Торсанның жақсы адам болмағанын айтып, соқыр ішегінің жарылуымен өмірден озып кетеді. Көп ұзамай Торсан үйленіп, келінді Ұлпанның үйіне әкеледі. Өз үйінен Ұлпанды қуып шығып, қонақтарға арналған үйге тастауы Ұлпанның өмірден түңілуіне себеп болады және Ұлпан жас кезінде өмірін қияды.

*«Аты жоққа ат берген, асы жоққа ас берген, Кедейге пана болған, Есенейдің байлығында көзі болмаған»* (Мүсірепов, 2016:298) Ұлпанға лайық құлпытасты, «балам» деген күйеу баласы Торсан емес, оны жақсы көретін, құрметтейтін Сибан руы қояды.

### Қорытынды

«Ұлпан» романында бас кейіпкердің де, басқа қаһармандардың да некесінде болған оқиға ағымынан немесе диалогтар аясында Қазақ түріктерінің некедегі әдет ғұрыптарын көруге болады.

Алдымен, Ұлпан қазақ дәстүрінде тыйым салынған жеті ата ағайынға үйленбеу қағидасын бұзбайтын неке құрады. Өзінің руынан тыс адамға тұрмысқа шығады.

Алпыс жастағы Есеней мен он сегіз жасар Ұлпанның үйленуі романға ғана тән ерекшелік емес. Романда ерлі-зайыптылардың бір-бірімен үйлесім табуы және роман кейіпкерінің нені қалайтынын сезінуі жағынан оң нәтижеге әкелгенімен, мұндай некелердің шынайы өмірде жас әйелдердің өмірінің қор болғандығы, жасы ұлғайған ер адамның бойдақ болуы мүмкін еместігін, қазақтың тұрмыс жағдайына сәйкес, өзінен әлдеқайда үлкен кісілерге күйеуге шығатын жас қыздардың көбі тоқалдыққа кетуі, қайтыс болған жағдайда одан туған балалары мұрагерлікке ие болуы қиындық тудыратыны өмір шындығы. Қазақтың әдет-ғұрпы бойынша еркек әйелден жиырма бес, әйел еркектен сегіз жас үлкен болса, үлкендер мен ақсақалдар бұған жол бермеу керек, бірақ күнделікті

өмірде бұл бармақ басты, көз қыстыға айналуы, күші жеткеннің сөзі өтетін, осындай жағдайға әркімнің тап болатынын алға тартып, жас әйел алуға әуестенуі, әділетсіздікке жол беру сынды көптеген теріс әрекеттер орын алып жатыр.

Жасы ұлғайған еркектерге үйленген әйелдерді күйеуі қайтыс болған жағдайда әменгерлікпен алу сияқты дәстүр күтіп тұрғаны тағы бір шындық. Ұлпан бұл дәстүрге бас иген жоқ, бірақ қайын жұртының біріне үйленуге мәжбүрлі дәлелі әйелдер үшін неке мәселесінің бірі ретінде келе жатыр. Бұл әйелді өз ағасы немесе інісі сияқты көретін адамды күйеуі деп қабылдауға мәжбүрлеу, абысынмен тоқал қатынасқа айналу, әйелге берілген қалың мал мен балаларына бөлінген мұраның бөтенге кетіп қалуына тосқауыл қою сияқты келеңсіздіктерді тудырады. Күйеуі қайтыс болған әйелдің өз өмірін басқару мүмкіндігінен айырады. Сондықтан, өзі қаламаған қарт адамға тұрмысқа шығуға мәжбүр болған әйел күйеуі қайтыс болғаннан кейін де қалаусыз өмірін жалғастыруға мәжбүр, егер ол бұған бағынбаса, бұл жағдай тіпті өмірін қиюға дейін әкеп соқтырады. Романда әйелдерге берілетін қалыңмал тақырыбы да қозғалды. Романда Есенеі Ұлпанға мал-мүлкін, байлығын түгелдей бергендей болды. Ер адам үшін байлық – күдіретті күш. Бұл күш мәжбүрлі некеге тұруға және ол қалаған әйелді сатып алуға себеп болады деген көзқараспен қатар қоғамда берілген қалыңмал әйелдің қадір құнын көрсетеді деген сияқты қарама-қайшы пікірлер де бар. Автор бұл шығармасында құда түсуден бас тартқаннан кейін алдын ала берілген қалың малды қайтаруға байланысты қалыңмалдың жағымсыз жағын ашса, Есенеінің Ұлпанға берген қалыңмалдың түгелі жұртшылыққа жұмсалуды осы қалың-

малдың Ұлпанға халықты қамтамасыз етуге берілген мүмкіндік ретінде қарастырылған жағымды жақтарында ойға салады.

Шынайы өмірге қарасақ, бұрын қазақ қыздарының ерте тұрмысқа шыққаны байқалады. Оқырманның Ұлпанның қызын ерте күйеуге беруінің ең басты себебі дәстүр емес, қызын әкесіз, қорғансыз көріп, алып қашып кетуінен қорғау түйсігі деп ойлауы дала өмірінің шындығымен байланысты.

Қазақ түріктерінің неке дәстүрін бүгінгі күннің шарты аясында қарастырсақ, оң және теріс жақтары бар деп ойлауға болады. Оларды қазақтың салт-дәстүрі деп шектеулі шеңберде қарау да дұрыс емес. Өйткені бұл дәстүрлер түрік текті халықтарының барлығында, тіпті дүние жүзіндегі басқа халықтарда да бар және әсіресе бұл әйелдердің өміріне әсер етеді. Бұл зерттеуде, неке мен әйел тақырыбын қозғайтын мыңдаған шығармалардың бірі ғана болып табылатын қазақ романы арқылы қарастырылады. Шындығында, Ұлпан романын жазудағы мақсат – үйлену дәстүрін тексеру емес, сүйікті қаһарманды жан-жақты тудырған автор тұрмысқа қатысты ой-толғамдарын кейіпкердің мінез-құлқы мен сөзімен аша білген және оларды бұл туралы ойлануға мәжбүр етті. Шындығында, Ұлпан романын жазудағы мақсат – үйлену дәстүрін қозғау емес, әр қилылығымен халықтың сүйіктісіне айналған қаһарман әйел туралы жазған автор, тұрмысқа қатысты ой-толғамдарын кейіпкердің мінез-құлқы мен сөзімен аша білген және оларды бұл туралы ойлануға мәжбүр етті.

Қателер болса, түзетіледі... Автор қазақ түріктерінің неке дәстүрінің келеңсіз тұстарын аңғартып, олардың Ұлпан мінезі арқылы өзгеретінін байқатады.

### Әдебиеттер

- Чакыр М. Yeni Uygur Türklerinin Atasözlerinde Kadın ve Erkeğin Toplumsal Açidan Temsili// International Journal of Turkish Academic Studies. – 2020. № 1/1 – Б. 101-126.
- Гокалып З. Türk Medeniyeti Tarihi. İstanbul: Kültür Bakanlığı Yayınları. – 1976.
- Кафесоглы И. Türk Millî Kültürü. İstanbul: Ötüken Yayınları. – 1997.
- Қараман А. Uygur Atasözlerinde Kadın. Türk Dünyası. - 2016. – № 41. – 93-111.
- Коч К., Ишина А., Қорғанбеков В. Kazak Edebiyatı 2. İstanbul: IQ Kültür Sanat Yayıncılık.
- Құран Е. Türk Ailesinin Mahiyeti ve Tarihi Gelişmesi. Т. С. Başbakanlık Aile Araştırma Kurumu Aile Yazıları I – Temel Kavramlar Yarı ve Tarihi Süreç. Ankara: Т. С. Başbakanlık Aile Araştırma Kurumu Yayınları, 1990. P. 363-368.
- Мүсірепов Ғ. Ұлпан. Аударған Жемиле Кинажи. Анкара: Бенгу. – 2016.
- Солмаз Е. Türkmen Atasözlerinde Kadın ve Kadın Algısı// Türk Dünyası İncelemeleri Dergisi, 2019. – № 19/2. – P. 389-401.
- Кундакбаева Ж., Рустем К. Resistance to ideology, subjugation to language: A workshop by writer Gabit Musrepov under soviet totalitarian censorship in 1928-1964// Folklore (Estonia). – 2016. Volume 63, – 29-44.



Нурғали К., Сирыченко В. Chekhov's principles of artistic organization in the creative work of G. Musrepov // Bulletin of the Eurasian Humanities Institute. – 2022. № 3. – 153-163.

Салтыханова Г., Танжарыкова А., Artistic function of detail in Kazakh prose//Opcion. – 2018. № 15 – бб. 1265-1294

#### References

Çakır M. Y. (2020). Yeni Uygur Türklerinin Atasözlerinde Kadın ve Erkeğin Toplumsal Açıdan Temsili [Social Representation of Men and Women in Proverbs of New Uyghur Turks], *International Journal of Turkish Academic Studies*, (1/1), pp. 101-126. (in Turkish).

Gökalp Z. (1976). *Türk Medeniyeti Tarihi* [Turkish Civilization History], İstanbul: Kültür Bakanlığı Yayınları. (in Turkish).

Kafesoğlu I. (1997). *Türk Millî Kültürü* [Turkish National Culture], İstanbul: Ötüken Yayınları. (in Turkish).

Karaman, A. (2016). Uygur Atasözlerinde Kadın [Women in Uyghur Proverbs], *Türk Dünyası*, 41/Bahar, P.93-111. (in Turkish).

Koç K., İşina A., Korganbekov B. *Kazak Edebiyatı 2.* [Kazakh Literature 2], İstanbul: IQ Kültür Sanat Yayıncılık. (in Turkish).

Kuran, E. (1990). *Türk Ailesinin Mahiyeti ve Tarihi Gelişmesi* [The Nature and Historical Development of the Turkish Family], T. C. Başbakanlık Aile Araştırma Kurumu Aile Yazıları I – Temel Kavramlar Yapı ve Tarihi Süreç. Ankara: T. C. Başbakanlık Aile Araştırma Kurumu Yayınları, pp. 363-368. (in Turkish).

Müsirepov G. (2016). *Ulpan* [Ulpan], Çev. Cemile Kınacı. Ankara: Bengü. (in Turkish).

Solmaz, E. (2019). Türkmen Atasözlerinde Kadın ve Kadın Algısı [Türkmen Atasözlerinde Kadın ve Kadın Algısı], *Türk Dünyası İncelemeleri Dergisi*, 19/2, pp.389-401. (in Turkish).

Kundakbayeva Z., Rustem K. (2016). Resistance to ideology, subjugation to language: A workshop by writer Gabit Musrepov under soviet totalitarian censorship in 1928-1964//Folklore (Estonia). Volume 63, pp. 29 – 44. (in English).

Nurgali K., Siyachenko V. (2022). Chekhov's principles of artistic organization in the creative work of G. Musrepov// Bulletin of the Eurasian Humanities Institute. № 3 – pp. 153-163. (in English).

Satylkhanova G., Tanzharykova A., etc. (2018). Artistic function of detail in Kazakh prose//Opcion. № 15 – pp. 1265-1294 (in English).